



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ІБИ: іскерлік белсенділік біршама жақсарды


2025 жылдың сәуір айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі

Астана қ.

2025 жыл, 2 мамыр

2025 жылғы сәуірде іскерлік белсенділік **50,5** болып, біршама жақсарды.

Өндіріс пен саудада белсенділік сақталғаны байқалды, онда индекс тиісінше **52,9** және **51,1** (наурызда – 54,0 және 51,1) болып, оң аймақта қалды. Қызмет көрсету секторында динамика жақсарған, бірақ индикатор **49,9** (наурызда – 48,9) болып, теріс аймақта қалды. Дегенмен, құрылыста динамика нашарлап, индекс наурыздағы 49,7-ден **48,7-ге** дейін төмендеді. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсеткіш атарлықтай өзгерген жоқ – **48,5** (наурызда – 48,6). Құрылыс пен тау-кен өндіру өнеркәсібінде жаңа тапсырыс көлемінің төмендегені байқалады.



2025 жылғы сәуірде бизнес жүргізудің қазіргі жағдайын бағалау көрсеткіші 4,2-ге дейін жақсарғандықтан, **бизнес-ахуал индексі (БАИ) 13,6** болып, жоғарылады. Болашақ жағдайларға қатысты оптимизм наурыз айындағыдай жоғары күйінде қалды. Осылайша, бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу аймағында тұр.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша олардың өніміне/көрсетілетін қызметіне деген сұраныс барлық секторда жоғарылады. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде ғана сұраныстың өсу қарқыны баяулаған. Ең жоғары сұраныс өндіріс пен саудада байқалды. Ал, бизнес-ахуал факторларын бағалау көрсеткіші айтарлықтай өзгерген жоқ.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz